ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2023 жылғы 23 тамыз №7119-23-00-2/8759 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.А.Баймурзина, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
«BOSS HOLDIHG» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Басшыбаев Амангельды Таубаевич

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. айыппұлды өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4 бабын басшылыққа алып, сот

ШЕШТІ:

Талап қоюшы «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры» коммерциялық емес акционерлік қоғамының жауапкер «BOSS HOLDIHG» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Басшыбаев Амангельды Таубаевичті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызы - қанағаттандырылсын.

«BOSS HOLDIHG» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Басшыбаев Амангельды Таубаевичті жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«BOSS HOLDIHG» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Басшыбаев Амангельды Таубаевичтен «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет

театры» коммерциялық емес акционерлік қоғамы пайдасына 14 790 (он төрт мың жеті жүз тоқсан) теңге айыппұл сомасы және 444 (төрт жүз қырық төрт) теңге сомасындағы мемлекеттік баж өндірілсін.

«BOSS HOLDIHG» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Басшыбаев Амангельды Таубаевичтен шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1749 (бір мың жеті жүз қырық тоғыз) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге тараптар және прокурор Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья Баймурзина А.А.

Көшірме дұрыс

Судья Баймурзина А.А.

Анықтама: шешім 2023 жылдың 3 қазанда заңды күшіне енді

Судья Баймурзина А.А.

Документ подписан Баймурзина А. 4.10.2023